

Embi ТЫНЫСЫ

№ 7 (23)
сәуір
2019 жыл

“Ембімұнайгаз” АҚ-ның корпоративті газеті



Көрмедегі веб-портал

Ұрпақтар сабақтастығы, болашақтағы даму жөніндегі стратегиялық бағыттар және әлеуметтік міндеттемелердің орындалуы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) 18-ші «Атырау Мұнай және Газ-2019» жыл сайынғы Солтүстік Каспий аймақтық көрмесіндегі (бұдан әрі – көрме) стендінде көрініс тапты.

Биыл ЕМГ стендінде Бешімовтер династиясы белгіленген. Айта кетсек, әулеттің негізін қалаған Бешім Қызыл-

басов 1926 жылы Жылыой ауданында алғашқы кен алаңын тапқан. Кейін ол Қосшағыл және Төлес кеніштерін ашуға атсалысты.

Атап өту керек, қазіргі таңда Компанияда мұнайшы мамандығын жанына серік еткен 20-дан астам мұнайшы әулеті өкілдері еңбек етеді. Еңбекші әулеттердің арқасында компанияда ұрпақтар сабақтастығы сақталып, жинақталған бай тәжірибе атадан балаға мұра болып жетіп келеді. Өскелең ұр-

пақтың бойында еңбексүйгіштік қасиеті, өз мамандығына деген мақтаныш сезімі қалыптасады.

Стенд аясында Компания көрмеге қатысушыларға «ЕМГ коммерциялық ұсыныстар базасының ақпараттық жүйесі» жаңа веб-порталын - <http://tru.emba.kz> таныстырды. Аталған жүйе Компанияның өндірістік бағдарламасын қамтамасыз ету үшін тауарлық құндылықтардың (тауарлардың және материалдардың) сұраныстарына баға белгілеу процесін

жүзеге асыруға арналған және пайдаланушыларға Интернетке қосылған кез келген компьютерден жеткізуші ретінде тауарға арналған бағаны ұсынуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ЕМГ қызметкерлері көрме аясында «Petrocouncil» мұнай-газ саласындағы стратегиялық серіктестіктер кеңесі мен «Itesa» ЖШС ұйымдастырған «Мұнай-газ саласын цифрландыру және жергілікті қамту» конференция жұмысына қатысты. **Е**

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның «Сауықтыруға 10 қадам» бастамасы



(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Ұйқы адам өмірінде басты және шартсыз қажеттілік болып табылады. Орташа статистикалық мәлімет бойынша, адам өмірінің үштен бір бөлігін, яғни, 25 жылға шамалас уақытты ұйқымен өткізеді. Ұйқы денсаулық пен әл-аудаттың негізгі бөлігі болып табылады. Ұйқы жүрек пен тамырлардың қалыпқа келуіне және емделуіне, салмақты, тағам таңдауды басқаруда, және иммунды жүйе қызметін жақсартуға қатысады.

Ұйқыдан айыру депрессияға, өзіне қол жұмсауға, қауіпті әдепке, тыныштандыру мақсатында ішімдік пен наша қолдануға алып келі мүмкін. Сонымен

қатар, жеткіліксіз ұйқы жүргізушілер арасында аса қауіпті болып табылады: ұйқы жеткіліксіздігі рульге мас күйде отыру сияқты автомобильді жүргізу қабілетіне әсер етеді.

Ересек адамға ұсынылатын ұйқы нормасы тәулігіне 7-8 сағат шамасында болады.

Ұйқы алдында тамақ қабылдауды доғару ұсынылады. Ұйықтар алдында 2 сағат бұрын тек жеңіл тамақты қабылдауға болады (көкөністер, жемістер ашымалы сүт өнімдері). Қалыпты түнгі ұйқы үшін 5-6 сағат жеткілікті. Ұйқы үшін ең пайдалы уақыт – кешкі 11 сағаттан таңғы сағат 5-ке дейін.

Ұйықтағанда басыңызды солтүстікке немесе шығысқа салып жатқан жөн. Кеңістіктегі дененің дұрыс орналасу талабы электромагнитті өрістерді келістіру қажеттілігімен байланысты. Жер қыртысы мен адамның электромагнитті толқындардың қозғалысының бағыттары сәйкес келуі керек.

Қатты тегіс төсемде ұйықтаған жақсы. Жұмсақ төсемде дене амалсыздан иіліп, қыспаққа алынған әртүрлі мүшелер мен жұлынның қанайналымының бұзылыстарын тудырады. Сонымен қатар, бұл дененің кез келген бөлігіне жағымсыз әсер ететін жүйке аяқтамаларының қысылуына алып келу мүмкін. **Е**

(Жалғасы келесі сандарда)

Производственные и финансовые результаты АО «Национальная компания «КазМунайГаз» за 2018 год



АО «Национальная компания «КазМунайГаз» (далее – «КМГ», «Компания»), вертикально-интегрированная нефтегазовая компания Казахстана, объявила финансовые и операционные результаты за 2018 год.

Председатель Правления КМГ Алик Айдарбаев: «В 2018 году Компания значительно улучшила свои финансовые показатели, перевыполнила операционный план и исполнила ряд стратегических задач, поставленных Акционером и Правительством РК. Хочу отметить завершение сложного и капиталоемкого проекта – модернизация нефтеперерабатывающих заводов, благодаря которому мы полностью обеспечили внутренний рынок собственными нефтепродуктами экологического класса K4, K5 (стандарты Евро-4, Евро-5). Подписан контракт по увеличению экспорта казахстанского газа в Китай с 5 млрд до 10 млрд кубометров в год, что позволило увеличить выручку от реализации газа более чем в 2 раза. Компания приняла ряд мер и по укреплению финансовой устойчивости. В 2018 году снижен внешний долг КМГ, в том числе за счет погашения Еврооблигаций на сумму 1,6 млрд долл. США и досрочного погашения займа от Сбербанка на общую сумму 400 млн долл. Сегодня можно констатировать, что результаты «КазМунайГаза» за прошедший год в полной мере отвечают ожиданиям основного акционера».

Производственные показатели за 2018 год^[1]:

- Объем добычи нефти и газового конденсата вырос на 1,0% в сравне-

нии с показателем аналогичного периода прошлого года до 23 606 тыс. тонн (484,2 тыс. барр. в сутки^[2]);

- Добыча природного и попутного газа увеличилась на 1,8% к отчетному периоду прошлого года, составив 8 137 млн м³;
- Объем транспортировки нефти составил 75 038 тыс. тонн, незначительно увеличившись на 0,3% по сравнению с 2017 годом;
- Объем транспортировки газа вырос на 10,6% к отчетному периоду 2017 года, составив 111,6 млрд м³;
- Объем переработки углеводородного сырья увеличился на 8,3% и составил 19 715 тыс. тонн, в основном, в результате увеличения объема переработки на казахстанских нефтеперерабатывающих заводах. Данный показатель включает объем переработки на казахстанских нефтеперерабатывающих заводах в размере 13 384 тыс. тонн и на заводах KMG International («KMG I») в Румынии в размере 6 331 тыс. тонн. Общий объем производства нефтепродуктов вырос на 6,7% и составил 18 337 тыс. тонн в отчетном периоде;
- Объем реализации собственной произведенной нефти и конденсата вырос на 1,3% к отчетному периоду прошлого года, составив 23 735. тонн.

Финансовые показатели за 2018 год^[3]:

- Выручка от реализации за 2018 год выросла на 45,8% и составила 6 989 млрд тенге (20 275 млн долл. США);
- Чистая прибыль за 2018 год выросла до 694 млрд тенге (2 012 млн долл. США), увеличившись на 32,0% по сравнению с 2017 годом;
- Капитальные затраты за отчетный период составили 628 млрд тенге (1 822 млн долл. США), что на 6,1% ниже показателя 2017 года;
- Показатель EBITDA^[4] вырос на 53,2% по сравнению с показателем за 2017 год и составил 1 863 млрд тенге (5 404 млн долл. США);
- Чистый долг компании на 31 декабря 2018 года составил 2 167 млрд тенге (5 639 млн долл. США);
- Скорректированный свободный денежный поток^[5] составил 352 млрд тенге (1 022 млн долл. США), что на 23,3% выше показателя 2017 года.

Корпоративные ключевые события:

- С 10 мая 2018 года ГДР и простые акции АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз» (далее – «РД КМГ») исключены из списков Лондонской и Казахстанской фондовых бирж. В результате выкупа КМГ принадлежит 99,6% простых акций РД КМГ;
- 22 февраля 2019 года РД КМГ завершил программу обратного выкупа привилегированных акций. Таким образом, КМГ выкупила привилегированные акции на общую сумму 15,9 млрд тенге;
- В ноябре 2018 года международное рейтинговое агентство S&P Global Ratings повысило рейтинг КМГ с

- «BB-/kzA» до «BB-/kzA+», прогноз «стабильный». Как следствие повышен рейтинг собственной кредитоспособности компании (stand-alone credit profile) с «b» до «b+»;
- В марте 2019 года международное рейтинговое агентство Fitch подтвердило рейтинг КМГ на уровне «BBB-/Прогноз стабильный», отметив при этом повышение отдельного рейтинга (stand-alone credit profile) с «b» до «bb+»;
- В ноябре 2018 года Алик Айдарбаев был назначен председателем Правления КМГ. Ранее он занимал должности, непосредственно связанные с КМГ: был членом Совета директоров КМГ как представитель основного акционера – ФНБ «Самрук-Казына», был генеральным директором РД КМГ, был акимом Мангистауской области, где важную роль в развитии региона играет ключевой производственный актив КМГ – «Озенмунайгаз»;
- 29 марта 2019 года КМГ получил согласие держателей Еврооблигаций, подлежащих к погашению в 2022, 2023, 2027, 2047гг. (Еврооблигации, выпущенные до 2018 года) на (1) выравнивание ковенантного пакета с условиями выпуска Еврооблигаций 2018 года и (2) досрочное погашение Еврооблигаций на сумму 30,1 млн. долл. США, подлежавших к погашению в 2044 году;
- В рамках Программы приватизации и оптимизации портфеля активов, в течение года реализованы: ООО «КТГ-Тбилиси» за 40 млн долл. США, АО «Казахстанско-Британский Университет» (КБТУ) за 11 370 млн тенге; ТОО «KMG Retail» за 60 512 млн тенге; ОсОО «КМГ-Сервис Грузия» за 10,3 млн. долл. США. **Е**

[1] Операционные показатели указаны с учетом доли КМГ в соответствующих активах. [2] При допущении средневзвешенных коэффициентов баррелизации каждого добывающего актива. [3] Суммы указаны в долларах США для удобства по среднему обменному курсу за соответствующий период (средние курсы за 2018 и 2017 гг. составляют 344,71 и 326,08 тенге/долл. США, соответственно; курсы на конец периода - на 31 декабря 2018 г. и 31 декабря 2017 г. составляют 384,20 и 332,33 тенге/долл. США соответственно). [4] Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization (EBITDA) - показатель, равный объёму прибыли до вычета расходов по выплате процентов, налогов, износа и начисленной амортизации. [5] Скорректированный свободный денежный поток рассчитывается как разница между операционным денежным потоком (за вычетом чистого движения предоплат по договору поставки нефти ТШО) и капитальными затратами + дивиденды полученные от СП и ассоциированных компаний.

Жастар жылы

ҚМГ: Компанияны жетістікке жетелейтін жастар

«КазМунайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ жас мамандардың білімін жетілдіру және біліктілігін арттыру мәселелеріне қашанда ерекше көңіл бөліп отырады. Компания басшылығы жыл сайын белсенді жастардың басын қосуды дәстүрге айналдырған. Осы орайда наурыздың 29-30 күндері Нұр-Сұлтан қаласында еліміздің әр өңірінде орналасқан «КазМунайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарынан 80-нан астам жас маман жиналды.

Жастар жылы шеңберінде Ұлттық компания ұйымдастырған шараның мақсаты – жас мамандардың бір-бірімен жақын танысуы, жаңа мүмкіндіктерін ашу, өзара пікір алмасу және осы жылға жоспарлар құру. Жас қызметкерлер шараға үлкен қызығушылықпен қатысты. ҚМГ басшылығы да жастардың ортасында болып, форумның нәтижелі өтуіне атсалысты.

Бүгін біз жастар ұйымдарының жетекшілерін, өкілдерін, жалпы белсенді

жастарды еліміздің бас қаласында жинап отырмыз. Сіздер «КазМунайГазға» қарасты еншілес кәсіпорындарда еңбек етіп жатқан 26 мыңнан астам жас мамандардың атынан келіп отырсыздар. Сіздер әрқайсысыңыз әр аймақтан, әр мекемеден болсаңыз да, барлығымыздың мақсатымыз, мүддеміз бір. Қазақта «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген қанатты сөз бар. Егер біз ортақ мақсат үшін жұмылып, барынша әрекет ететін болсақ, көптеген жетістікке қол жеткізе аламыз, - деді шараның ашылуында сөз сөйлеген ҚМГ адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор Дәулетжан Хасанов.

Екі күндік форумның жұмысы «Ұлттық компанияның 10 жыл ішінде болашағы қандай болмақ?» деген тақырыппен коллаж әзірлеуден басталды. Жастар сегіз топқа бөлініп жұмыс жасады. Команданы қалыптастыруға, көшбасшыны анықтауға бағытталған

ойындар ойнады. Барабан ойнаудан тренинг өтті. Жалпы, биылғы форумның форматы өзгеше болды. Қатысушыларға бірінші күннің соңында Компанияның жастар саясатына қатысты өз бағдарламаларын әзірлеу тапсырылды. Екінші күні әр команда өздерінің жобаларын таныстырып, қорғап шықты. Жобалар негізінен жастардың біліктілігін арттыру, тәлімгерлік тәжірибесін енгізу, бірыңғай медиакеңістік құру, инновациялық жобалар байқауларының жеңімпаздарына авторлық патент алуға жәрдемдесу, жастардың жасампаздық энергиясын дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау және т.б. тақырыптарды қамтыды. Кейіннен әр команданың басшысы сөз сөйледі. Шара соңында қатысушылардың өздері және қазылар алқасы онлайн дауыс беру жолымен ең әсерлі сөйлеген, ең мықты идеяны ортаға салған 7 қызметкер Жастар ісі жөніндегі кеңеске мүше болып сайланды. Олар:

«КазТрансОйл» АҚ өкілдері – Аян Кенжебеков пен Алтынгүл Шәкімова, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС жас маманы – Гүлмарал Махабил, «Шымкент мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-нен Лесбек Сәдібек, «Тұлпар Мұнай Сервис» ЖШС-нен Айбек Ұлықпанов, «Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС белсенді жас маманы Тахир Шәріпов және ҚМГ Орталық аппаратынан Ерзатхан Абылайханов. Осы 7 адамнан құралған кеңес жыл бойына Ұлттық компанияның жастар саясаты бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеп, осы жұмыстардың іске асырылуына жетекшілік ететін болады.

Шара соңында барлық қатысушыларға белсенділік танытқандары үшін алғыс хаттар тапсырылды.

Осы екі күн ішінде Ұлттық компанияның жас қызметкерлері бір-бірімен араласып-танысып, тіпті дос болып та үлгерді. Түрлі мәселелерді талқылап, толғамды ойларын тарқатты. **Е**

Достойные и здоровые условия для персонала

2-3 апреля председатель Правления АО «Эмбаунайгаз» (далее ЭМГ или Компания) А.Е. Жаксыбеков с управленческим составом Компании посетил месторождения НГДУ «Жайыкмунайгаз» и «Доссормунайгаз». В ходе рабочей поездки, председатель Правления осмотрел действующие и строящиеся производственные и социальные объекты, а также провел совещания в нефтегазодобывающих управлениях по итогам 1 квартала.



В НГДУ «Жайыкмунайгаз» А.Е. Жаксыбеков ознакомился с участком проектируемой прямой дороги через канал между месторождениями «Восточный Жанаталап» и «С. Балгимбаева», строительством новой подстанции с. Аккистау ПС-110/35/10, и действующую центральную котельную на месторождении Юго-Западное Камышитовое.

В ходе визита также были осмотрены новый гараж на 10 единиц и административное здание Цеха добычи нефти и газа м/р Юго-Восточное Камышитовое, цех подземного ремонта скважин и гараж на 24 единицы транспорта на м/р С. Балгимбаева.

Оба гаража построены для колонн спецтехники и автотранспорта, оснащены крытыми теплыми стоянками, оборудованы зонами технического обслуживания и ремонта, вспомогательными цехами вулканизации, аккумуляторными. В гараже на 24 единицы имеется аппаратный цех, сварочный пост, агрегатно-моторный цех, оборудованная зона для капитального ремонта узлов и агрегатов с механической кранбалкой. Благодаря техническому оснащению новых гаражей, значительно облегчится труд водителей, машинистов и ремонтного персонала, а также повысится качество и сократится время работы по техническому обслуживанию и ремонту. Ориентировочный срок сдачи объектов – конец мая текущего года.

В ходе посещения каждого объекта руководитель Компании уточнял статус

проблемных вопросов и давал поручения по их решению.

В ходе итогового собрания, на котором были рассмотрены итоги производственной деятельности управления в первом квартале текущего года, А. Жаксыбеков призвал изучить опыт частных компаний, разрабатывающих месторождения по соседству с НГДУ «Жайыкмунайгаз», где работа с действующим фондом позволила значительно увеличить межремонтный период.

Особое внимание глава Компании уделил работе действующих канализационно-очистных сооружений (далее КОС):

- Приоритетной ценностью для компании является сохранение жизни и здоровья наших работников. Для этого необходимо создать для персонала достойные и здоровые условия труда. Одно из эффективных мероприятий в этом направлении - озеленение территории социальных и производственных объектов. Ранее, в виду нехватки водных ресурсов, эта задача была трудновыполнимой. При том, что на социальных объектах Компании – столовых и общежитиях, только за квартал, образуется более 16 тыс. кубометров сточной воды. Ранее вода, в виду низкого качества очистки, никогда не использовалась. Для решения данной проблемы, мною была поставлена задача перед департаментом охраны труда и окружающей среды (далее ОТиОС) - привести в порядок все очистные сооружения и вы-

вести очистные сооружения на технологический режим для обеспечения полива очищенной водой зеленых насаждений. На текущий момент, данная задача выполняется по графику. Наши экологи совместно с подрядчиком ТОО «Комплекс Турмыс», провели ремонт всех очистных сооружений, вывели очистные сооружения на технологический режим и получают на выходе воду пригодную для использования на полив зеленых насаждений. В связи с этим, поручаю департаменту социальной политики, произвести высадку зеленых насаждений вокруг трех заводов по переработке газа, и продолжить работу по озеленению территории общежитий, а Департаменту ОТиОС обеспечить дальнейшую очистку и сбор воды для полива.

А. Жаксыбеков также затронул также вопрос обеспечения информационной безопасности на производстве, который приобрел актуальность после пожара на месторождении «Каламкас».

- Вместо того, чтобы бросить все силы на решение кризисной ситуации, работники стали снимать происходящее на телефоны и распространять это в сети Интернет. В результате, компания понесла значительные репутационные потери, - отметил руководитель Компании.

Председатель Правления также сообщил, что в целях обеспечения информационной и производственной безопасности, планируется на всех производственных объектах запретить использование мобильных телефонов:

- Первый на очереди стоит Прорвинская группа месторождений. Это действующая практика во всех международных нефтяных компаниях. Поговорить по мобильному телефону с семьей можно будет после окончания работы в общежитиях.

В ходе рабочей поездки в НГДУ «Доссормунайгаз» посетили производственные и социальные объекты месторождения «Карсак», «Ботакан» и «Комсомол». Несмотря на то, что данное управление разрабатывает большей частью старые месторождения, коллектив доссормских нефтяников успешно выполняет производственные планы. Вплоть до конца прошлого года, НГДУ «Доссормунайгаз» шел в лидерах по количеству безопасных дней на производстве и потерял данный статус после получения травмы сотрудницей из-за не пристегнутого ремня безопасности.

В ходе итогового собрания, А. Жаксыбеков дал поручение департаменту ОТиОС увеличить бюджет на поощрение работников Компании за безопасную работу. Глава Компании в очередной раз напомнил о планируемой в ближайшее время аттестации сотрудников отделов охраны труда и окружающей среды, имеющей целью повысить качество специалистов данного направления в компании, а также призвал всех работников принять активное участие в начавшейся выборной кампании профсоюзных лидеров в производственных структурных подразделениях. **Е**



«Мен – ембілікпін»: байқаудың қорытындысы қандай?

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен басқару аппараты жұмысшылары арасында ұйымдастырылған «Мен – ембілікпін» байқауы өз мәресіне жетіп, комиссия алқасы қорытындысын шығарды.

Айта кетсек, осымен екінші мәрте ұйымдастырылған ұжымдық шығармашылық байқау ағымдағы жылдың 1 ақпан – 31 наурыз аралығында өткен болатын. Байқау 6 номинация бойынша ұйымдастырылды. Атап айтсақ, 5 номинация ЕМГ-нің 2017 жылға дейін Даму тұжырымдамасында бекітілген 5 құндылыққа қатысты болса, 1-уі – «Қарашүңгіл кен алаңына 120 жыл» логотипін дайындау. Алайда, «Компания мүлкін сақтап, тұрақтылықты қамтамасыз етеміз!» және «Бастаған істі соңына дейін жеткіземіз!» атты екі номинация бойынша бірде-бір жұмыс түспеді. Жалпы байқауға 15 қызметкер (ұжым) 21 еңбегін тапсырды.

«Біздің мақсатымыз – жазатайым оқиғаны болдырмау» номинациясы

бойынша 3 еңбек түсті. Комиссияның шешімімен «Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының 4-ші дәрежелі жөндеушісі Тоқтар Нығметовтің өлеңі I орынды иеленсе, аталған басқарманың еңбек жөніндегі 1 категориялы экономисті Нұрсұлтан Елеусіновтің эссесі ынталандыру сыйлығына лайық деп танылды.

«Шеберлік – кәсіби өсу кепілі» номинациясы бойынша 2 еңбек жолданды. Комиссия алқасының ортақ шешімі бойынша жүлделі орынды «Жайықмұнайгаз» МГӨБ есеп беру және есеп жүргізу бөлімінің бухгалтері Ерқанат Балмурзин өзінің жолдаған эссесі арқылы иеленді. Айта кетсек, жоғарыда есімі аталған Тоқтар Нығметов осы но-

минация бойынша да екінші жұмысын жолдаған болатын. Алайда, ол бірінші аталым бойынша жүлделі орын алғандықтан, бұл номинацияда басқа орындар қаралмады.

«Бір ұжым – бір команда» номинациясы бойынша 5 еңбек түсті. Комиссия құрамы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның сапа жөніндегі 2 категориялы инженері Назгүл Махамбеттің еңбегіне ынталандыру сыйлығын белгілесе, III орынды ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті директорының орынбасары Ауғанов Ғибрат корпоративті мәдениетті дамыту жобасы бойынша дайындаған презентациясымен иеленіп отыр. II орынды «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ «Терең-өзек» кен орны жұмысшыларының дайындаған видеосы II орынды еншіледі. Комиссия құрамының мұнда баса назар аударғаны – бейнежазбадағы орындалатын әннің сөзі мен әуенін жазған және оны орындаған аталған кен орынның жұмысшылары. Ал, I орын «Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұжымының дайындаған видеосына бірауыздан берілді.

«Қарашүңгіл кен алаңының 120 жылдығына арналған үздік логотип (эмблема)» номинациясы бойынша 6 еңбек түсті. III орынды екі жұмыс ұсынған «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Тереңөзек мұнай айдау цехының электр газ дә-

некерлеушісі Жеңіс Отаров ұтып алса, II орынға ЕМГ күрделі құрылыс департаменті жобалау-сметалау бөлімінің инженер-конструкторы Мәлік Қалиевтің ұсынған логотип жобасы лайық деп шешілді. I орынды «Ембімұнайэнерго» басқармасы Құлсары АЭТ-ның ЕҚ және ТҚ инженері Ринат Махамбетов пен Құлсары АЭТ-ның электр монтері Жайнагүл Әбішқалиқызының дайындаған жұмысы үздік танылды. Мұндағы басты ерекшелік – қызметкерлер логотипте белгіленген белгінің әрқайсысына сипаттама келтірген.

Отырыс соңында комиссия мүшелері логотипке қоса «Қарашүңгіл – 120» атты өз өлеңін ұсынған Жайнагүл Әбішқалиқызына тақырыпқа терең бойлап, сөз саптау тәсілдерін шебер қолданғаны үшін Бас жүлде беруді ұйғарды.

Жалпы, байқауға «Қайнармұнайгаз» бен «Ембімұнайэнерго» басқармалары қызметкерлері 6 еңбектен тапсырса, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ мен орталық басқару аппаратынан 4 еңбек түсті. Ал, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нен 1 жұмыс жолданды.

Байқаудың жеңімпаздары туралы толығырақ «Ембі Тынысы» газетінен, Компанияның www.emba.kz сайтынан, әлеуметтік желілердегі Компания парақшасынан оқып, таныса аласыздар. **Е**

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Үздік туынды

Мен - ембілікпін

Қазақ қара алтынының қара шаңырағы іспетті, мұнайлы астана, арайлы Атыраудағы іргелі кәсіпорын саналатын «Ембімұнайгаз» АҚ тарихы тереңге таралған, құрамына Атырау қаласы мен облысының 4 ауданындағы алты бірдей өндірістік-құрылымдық бөлімшелері, бірі – Қазақстандағы ең ірі мұнай өндіретін аудан, кең Жылыойдағы «Жылыоймұнайгаз», бірі - қара алтынның алғаш атқылаған орны «Доссормұнайгаз», енді бірі - Исатай батыр баба атындағы жетістігі мол «Жайықмұнайгаз», қойнауы майлы, қасиетті мұнайдың жас қайнар көзі болған «Қайнармұнайгаз» енетін, геологиялық барлау жұмыстарын белсенді басқарып, кен алаңдарын игеруде өндіріске жаңа технологияларды батыл енгізе білген, мұнай мен газды өндіріп, дайындайтын заманауи мұнай компаниясы екені баршаға мәлім. Ел үмітін арқалаған, еңсесі биік «Ембімұнайгаздың», жақсылар мен жайсаңдардан жиналған, өзінің өндірістік өрнегі мен тарау тарихы бар, қасиетті Нарын өлкесін жайлаған «Жайықмұнайгаз» МГӨБ есеп беру және есеп жүргізу бөлімінің жас маманы мен, Балмурзин Ерқанат Сатханұлы «Мен - ембілікпін» аталған мекеме аралық байқаудың болады дегенін естігеннен кейін компанияға деген өз пікірімді, сондай-ақ, алғыс пен «Ембінің» бір мүшесі болғаным үшін мақтаныш сезімдерін қолыма қалам алып, қағаз бетіне түсіруге асықтым.

Менің анам Баян Шайхимова – осы компанияда отыз жылдан аса тапжылмай еңбек етіп келе жатырған және де сол еңбегінің өлшеусіз жемісін көріп отырған қызметкер. Анамның арқасында балалық бал күндерден бері бұл компанияның қамқорлық шараларының куәсі болып келемін. Бала көңілдің әр жаңа жылдан ерекше тосынсый мен тәтті-мәтті күтетіні рас қой. Мен үшін

жаңа жыл «Ембімұнайгаздың» қапшық толы тәттісімен сипатталатын. «Анамыз қашан сыйлық әкеледі?» деп тағатсыздана күтетінбіз.

Компания кішкентайларды қаһарлы қыста тәтті сыйлықпен қуантса, жазғы демалыс уақытында керемет көңіл-күй сыйлап, түрлі демалыс орындарына жолдамалар беретін. Осылайша мен бұл компанияның өз қызметкерлеріне әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсетуде мүмкіндіктерінің мол екенін көріп, сезініп өстім. Сондықтан, мектеп жасынан бастап, «Болашақта осы мекеменің маманы болсам екен» деген бала арманымның болғаны жасырын емес.

Мектепті аяқтағаннан кейін Алматы қаласындағы Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетіне оқуға түстім. Сол жылы жоғары оқу орнына түсу үшін тапсырылатын ҰБТ-дан жоғары ұпай жинаған жастарға «Ембімұнайгаз» АҚ халыққа әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында «қазақстандық студенттердің жоғарғы оқу орындарындағы оқу ақысын төлеуге қомақты қаржы бөледі» дегенді естіп, мен де құжаттарымды жинақтап, өз тұрғын-жайым Аққыстау ауылына қарасты «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-не тапсырдым. Бағыма орай, құжаттарым қаралып, төрт жыл бойғы оқу ақысына «Ембімұнайгаз» компаниясы демеушілік жасап, оқуымды сәтті аяқтап шықтым. Университет қабырғасында жүргенде өз білім деңгейімді дәлелдеп, маған артқан сенімнен шығуға тырысып, талапқа сай оқу жылының қорытындылары бойынша оқу үлгерімімнің 4,5 баллдан төмен түспеуін қадағалау, бұл – менің жақсы білім алып, білікті маман атануыма берілген үлкен мотивация болды. Әкемнен ерте айырылған мен үшін және біздің болашағымызға алаңдаған анам үшін компанияның бұл қолдауы аса қа-

жет еді. Талпына жүріп, тәжірибе алу мақсатында студенттердің «Work and travel» бағдарламасымен АҚШ-тың Вашингтон штатында өз біліктілігімді шыңдауым маған қойылған жақсы оқу талабының жемісі деп білемін.

Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін бакалавр біліміме демеушім болған «Ембімұнайгаз» АҚ-на жұмысқа орналасып, адал қызмет етіп, оның мұнай нарығындағы басқа да алпауыт компаниялармен бәсекелестігіндегі дамуына өз үлесімді қоссам деген тілегім болған еді. Алайда, өз жұмыс өтілімді Теңіз кен орнындағы мердігер компаниялардың бірінен бастадым.

2018 жылдың желтоқсанында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-де бухгалтер мамандығына бала күтімі бойынша демалысқа шыққан қызметкердің уақытша бос жұмыс орнына жас мамандар іздеу барысында менің түйіндемем қаралып, бас кеңседегі бақылау тестісінен өткен менің қуанышымда шек болмады.

Бала арманымның ақиқатқа айналғанына, жасалған қамқорлықтың қайырымын сол мекемеде еңбек етіп қайтарсам деген тілегімнің қабыл болғанына ерекше қуандым.

Алғашқы жұмыс күнінде мені алдымнан жүздері жылы, жандары жайсаң жандар күтіп алды. Алды қырық, кейінгілері он жылдан аса уақыт бойы осы мекемеде қызмет етіп, ыстығына бірге күйіп, суығына бірге тоңып келе жатырған білікті де, білгір мамандар. Жас болсам да, жас деп қарамай, үлкендерше сыйлап, бар біліп-түйгендерін маған түсіндіруге асыққан ұжымыма, соның ішінде, Еркін Ахметжанұлы бастаған «Жайықмұнайгаз» МГӨБ есеп беру және есеп жүргізу бөлімі қызметкерлеріне шексіз ризашылығымды осы жазбам арқылы жеткізгім келеді. Кез келген істің ұқыпты жүргізілуін қадағалай білетін білгір басшы мен жасалуына жауапты, жұ-

дырықтай жұмылған осындай ұжымға тап болғанымға өте қуаныштымын. Қай уақытта да бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірлесе жұмыс жасауды үйреткен үлкен аға буын аға-апаларға айтар алғысым шексіз. Жұмысқа орналасқанымға азғантай уақыт өтсе де, бәріміз бір үйдің адамдарындаймыз. Осы ортаға тез сіңісіп, лезде үйренісіп кетсем – ол ұйымшыл ұжымымның арқасы. Алға қарай да осындай «бір ұжым – бір команда» деп ұрандатқан белсенді ортада өз қызметімді адал атқара бергім келеді.

Кез келген компания бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мәселесіне баса назар аударатыны анық. Оның үстіне Елбасы өз Жолдауында «2019 жылды - Жастар жылы» деп жариялаған соң жастардың кәсіп көзін табуына барынша қолайлы ахуал туғызылары хақ. Бұл орайда «Ембімұнайгаз» АҚ-да бұрыннан жақсы үрдіс қалыптасқанын білеміз. Мұның бір дәлелі – компанияда Дуалдық оқыту бағдарламасы іске қосылды. Сол арқылы мұнайшылықты өмірлік кәсіп ретінде таңдаған студент-жастарға оқуды өндірістік тәжірибемен ұштастыра отырып, білім алуына жол ашылған. Жастар жылында мекемеміздің жас буынының өз мүмкіндіктерін молынан пайдалануға қолдау көрсетіледі деген сенімдемін.

Мен, бүгінгі күні арманы орындалып, үлгілі ұжымда сүйікті ісіммен айналысып отырған жас маман ретінде көкірегімді керіп тұрып, өңіріміздің мұнай компанияларының үлкені саналған «Ембімұнайгаз» АҚ-да еңбек етіп, нағымды тауып отырғандықтан, «Мен - ембілікпін» деп үлкен мақтаныш сезімімен айта аламын. **Е**

**Ерқанат БАЛМУРЗИН,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ
есеп беру және есеп жүргізу
бөлімінің бухгалтері.**

«Ұрпағымды ата жұртына әкелгеніме қуанамын»

Атажұртына қоныс аударған оралмандар үшін бастысы – баспана мәселесі, азаматтық алу жайы. 2003 жылы жұбайы Балбөпе мен 2 баласын алып, Өзбекстаннан ата-жұртқа бағыт алған Мұхаметдин Раджаповты алдымен осы мәселе мазалаған-ды. Бұған дейін көрші Өзбек жерінен қоныс аударғандар болды, оларға өз тарихи Отанына келгенде мамандықтарының кәдеге аспай қалатындығы, қайсыбіріне кәсіппен шұғылданып шаруашылық жүргізуге қолдау көрсетіле бермейтіндігі үлкен кедергі болатындығы естіліп қалып жататын. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз «Ембімұнайгаз» АҚ «Доссормұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасының Доссор автоколоннасының 6-дәрежелі бульдозер машинисі Мұхаметдин Раджапов өзінің бұл қиыншылықтарға кездеспегенін қуанышпен айтады.

- Үйренген ортаңды тастап, жаңа қонысқа біржолата көшу, әрине, оңай емес. Алғашында, жұбайымыз екеуіміз қатты толғандық, қабырғамызбен кеңестік. Алайда, балаларымыздың болашағын ойлап, ұрпағымызды ата-жұртына жеткізейік деген үлкен мақсатпен алыс жолға бағыт ұстадық. Еш өкінбейміз. Қандастарымыз бізді құшақ жая қарсы алды. Бүгінде бұрынғы кәсібімді жалғастырып, көліктің руліне отырдым. Еңбек етіп, жұрт қатарлы тіршілік кешіп жатырмыз, - деген Мұхаметдин Раджаповтың жана-рынан қуанышты аңғару қиын емес.

Атырау облысы Мақат ауданы Доссор кентіне 2003 жылы көшіп келген

Раджаповтар отбасы 3 айдан кейін еш кедергісіз азаматтықтарын алса, келесі - 2004 жылы төрт бөлмелі баспанаға ие болды. Сол жылы Мақат өңіріндегі іргелі ұжым – «Доссормұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасының арнаулы көлік керуенінде жұмысқа тұрып, өзіне үйреншікті жұмыс – бульдозер рулін бағындырды. Ең бастысы, ата қонысында ұрпағы дүниеге келіп, тамыры кеңге жайылды.

2004 жылы Әсия, 2007 жылы Нұрай есімді қыздары дүниеге келсе, 2009 жылы Рамазан, 2013 жылы Нұртас есімді ұлдары дүние есігін ашып, ата-анасын қуантты. 2016 жылы егіз ұлда-

ры Жандарбек пен Айдарбек, ал, 2018 жылы Ыбырайхым ұлдары дүниеге келіп, көп балалы отбасының қуанышын арттырды.

Ал, сонау 2003 жылы Раджаповтар жанұясы ата қонысқа ат басын бұрғанда келген екі ұлы Аманжол мен Рахат бүгінде ата-анасына қолқабыстарын тигізуге жарап қалған. 20 жастағы Аманжол мұнай компаниясының әлеуметтік саласында аспазшы болып еңбек етсе, 17 жасар Рахат жергілікті колледжде білім алып жатыр, болашақ программист маманы.

Көп балалы әке Мұхаметдиннің өзі 3 ұл мен 3 қыз тәрбиеленген үлкен шаңырақтан өсіп-өнді. Елге келген соң әкешесін, екі інісі мен үш қарындасын өзінен кейін атажұртқа көшіріп алды. Әкесі елге келген соң көп ұзамай өмірден озды. Әкемнің «сүйегім туған жерде қалса» деген аманатын орындағаным қуанамын» дейді Мұхаметдин.

- Әкеме мәңгі қоныс ретінде Алғабас жері бұйырды. 76 жастағы «Күміс алқа» иесі анам Айпаш бүгінде ортамызда. Қарындас, інілерім де қоныс аударып, Атырау қаласында тұрып жатыр. Жұрт қатарлы тіршілік кешуде. Ең бастысы, тұрақты табыс көздері бар. Қолым жеткен табысыма шүкірлік айтып отырамын. Бүгінде төрт бөлмелі баспанамды кеңейтіп алдым. Еңбек ететін ұжымым – тамаша орта. Сол ұжымның



арқасында жыл сайын денсаулығымды нығайту үшін еліміздегі шипажайларға барып, дем алып қайтамын. Батыс Қазақстан облысындағы «Ақ Жайық» емдеу орталығында, Оңтүстік Қазақстандағы «Сарыағаш», Алматы қаласындағы шипажайларда жыл сайын тынығуыма мекемем мүмкіндік жасап отыр. Мұнда маған ерекше ұнағаны кәсіпорынның өз жұмысшыларын ұдайы қамқорлыққа алатындығы. Бала дүниеге келгенде, мерейжасқа толғанда, мемлекеттік мейрамдарда арнайы берілетін сыйақылар тағы бар. Еңбек адамының жағдайын жан-жақты ойлайтын, арнайы бағдарлама бекітіп, қаражатпен қамтамасыз еткен қазақтандық мұнай компаниясында еңбек еткеніме қуаныштымын. Ең бастысы, ұрпағымды ата-қонысыма әкелгеніме өзімді өте бақытты әке санаймын, - дейді Мұхаметдин Раджапов. **Е**



Сіз әлеуметтік көмектер туралы білесіз бе?

1922 жылы құрылған «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы - өнім өндірумен қатар, әлеуметтік салаға ерекше мән беретін отандық кәсіпорын болып саналады. Компанияның бұл бағыттары мамандардың тұрақтылығын қамтамасыз ететін біздің миссиямыз бен өндірістік қызметтерімізде айқын көрініс тапқан.

Бұл мақалада Компанияның өз қызметкерлері мен ардагерлеріне көрсетіп отырған әлеуметтік қолдауы туралы айтпақпыз.

ЕМГ жыл сайын өз ардагерлерін қолдау үшін қаражат аударып келеді. Біздің бұрынғы қызметкерлеріміз-ардагерлер «Наурыз» мейрамында, Мұнайгаз саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесінде, Қарттар күнінде, Тәуелсіздік күнінде, Ұлы Жеңіс мейрамында соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері, Халықаралық әйелдер күнінде және мерейжасқа толғанда сыйақы алады.

Сонымен қатар, ардагерлер жылына бір рет тегін газет-журналдарға жазумен, емдеу-демалыс орталықтарына жолдамамен қамтылған. Олардың дәрі-дәрмектерінің қаражаты да Компа-

ния есебінен. Қызметкер зейнеткерлік демалысқа шыққан соң қайтыс болған жағдайда оның отбасы бір мезеттік материалдық көмекке ие болады.

Жұмысшыларды әлеуметтік қолдау мақсатында Компания 2014 жылы «Мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шығу» Ережесін бекітті. Ережеге сай, 55 жасқа толған әйелдер мен 60-жастағы ерлер мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шыққан жағдайда Компанияның ардагерлер тізіміне автоматты түрде еніп, зейнеткерлік жасқа толғанға дейін ай сайын үстеме ақы алып тұрады.

2017 жылы әйелдердің зейнеткерлік демалысқа шығу мерзімінің өзгеруіне байланысты Ережеге де өзгерістер енгізілді: енді кейбір мамандық иелері ерлер - оператор, ПРС машинисі, агрегат машинисі, электросварщик сияқты ауыр жұмысқа жататын мамандық иелері 58 жастан бастап мерзімінен бұрын пенсияға шығып, ай сайын 5 жылға дейін окладтың 48%-50% алып отырады.

Бағдарлама ұзақ жылдар Ембі өндірісінде еңбек еткен жұмысшыларды қолдау мақсатында жасақталған. 2014-

2018 жылдарда Бағдарлама бойынша 237 адам мерзімінен бұрын зейнеткерлік демалысқа шыққан, оның 213-і ерлер, 24-і әйелдер.

2017 жылы бекітілген Ұжымдық шарттың аясында Компания қызметкерлері жоғары әлеуметтік пакетке ие. Сонымен қатар, мұнайшылар жақсы жалақы жүйесімен, мұнайшылар мен олардың отбасы мүшелері медициналық сақтандырумен қамтылған. Өртүрлі қосымша әлеуметтік төлемдермен де қамтылып отыр. Нақты айтсақ:

- Жыл сайынғы еңбек демалысында материалдық көмек;
- шипажайлық ем алу;
- жүктілік кезінде орташа жалақы есебінен көмек;
- бала дүниеге келгенде/ бала асырап алғандағы көмек;
- баланың бір жарым жасқа келгенге дейінгі күтімі кезіндегі көмек;
- 4 немесе одан да көп баласы бар отбасыларға сабақ басталар кездегі оқу құралдарын сатып алуға материалдық көмек;
- мұнайшы балаларының жазғы демалысының ақысын төлеуге;

- мүгедектер күніне орай қызметкерлерге, мүгедек баласы/мүгедек жұбайы бар қызметкерлерге;

- қайтыс болған қызметкерді жерлеуге көмек;

- қызметкер отбасының мүшесі қайтыс болғанда көмек;

- еңбек ету қабілеті жойылып, мүгедектік алған қызметкер еңбек келісімшартын бұзғанда көмек;

- өндірістегі жазатайым оқиға кезінде қайтыс болған қызметкердің отбасына;

- мерейжасқа толған кезде;
- зейнеткерлік жасқа келгенде;
- уақытша еңбекке жарамсыз болғанда;
- Ауған жауынгерлері мен Чернобыль апатына қатысқан және Семей полигонының құрбандарына берілетін көмек.

Ұжымдық шартта 8-наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай барлық қыз-келіншектерге, «Наурыз» мейрамында, тоқсанның, жарты жылдың, жылдың қорытындысы бойынша сыйақы, Мұнайшылар күніндегі сыйақы, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік күніне орай сыйақымен қамтылған. **Е**

Цифрландыру тақырыбына арналған симпозиум

SPE (Society of Petroleum Engineers) мұнай-газ саласы инженерлер қоғамының Атырау бөлімшесі ұйымдастырған мұнай-газ кәсіпшілігін цифрландыру тақырыбындағы симпозиумда «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) қызметкерлері Компанияда цифрландыру жұмысын дамыту және «Интеллектуалды кен алаңы» жүйесін тарату бағытындағы жұмыстары тәжірибесімен бөлісті.

ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ алғысөзінде отандық өндіру компанияларының ішінде ЕМГ алғашқылардың бірі болып 2016 жылы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Уаз кен

алаңында «Интеллектуалды кен алаңы» пилотты жобасын іске асыра бастағанын атап өтті. Жоба өз тиімділігін көрсетіп, «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына қосылды. Кейін өзге кен алаңдарына таратыла бастады. Атап айтсақ, 2017 жылы жоба Прорва кен алаңдары тобына, 2018 жылы Жаңаталап, Шығыс Мақат кен алаңдарына таратылды. 2024 жылға дейін «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша 10 кен алаңы сандық жүйеге көшіріледі деп жоспарлануда. Сонымен қатар, Өндірістік процесті бақылау орталығын да дамыту жоспарда бар.

- Бұл жоба – компанияның барлық қызметкерлерінің – геологтардың,



өндірістік жұмысшылардың, экономистердің және т.б. ұжымдық еңбегінің жемісі. Біріккен жұмыстың арқасында барлық ақпарат бір базаға құйылды, - деді Ә.Жақсыбеков.

Шараның панельді отырысында ЕМГ өндірісті автоматтандыру және ақпараттық технологиялар департаментінің директоры Болат НСАНБАЕВ симпозиумға қатысушылардың экономиканың қазіргі секторындағы жаһандық үрдістер кезінде елімізде мұнай өндіруді цифрланды-

ру жүйесін дамытудың ерекшеліктері туралы сауалдарына жауап берді.

Аталған шараға Компанияның басшылары, өндірісті автоматтандыру және ақпараттық технологиялар, келешекте дамыту, геология және кен орындарын игеру департаменттерінің, қауіпсіздік қызметі және мобилизациялық қызметінің мамандары, IT-қызметкерлер мен мұнай-газ өндіру басқармаларының өндіріс саласының жұмысшылары қатысты. **Е**



Кәсіби мереке

Геолог күні атап өтілді

«Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі ЕМГ немесе Компания) ұжымы Геолог күнін атап өтті. 4 сәуір күні кәсіби мерекеге орай ұйымдастырылған салтанатты шараға Компанияның Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков, орынбасарлары, ардагер геологтар мен ЕМГ геология саласының қызметкерлері қатысты.

- Еліміздегі геологиялық-барлау жұмыстары туралы айтқанда, ембілік геологтардың Өзен, Теңіз сынды көмірсутегі шикізаты кен орындарын ашу ісінің қайнар бастауында болғанын айтып өткен жөн. Біздің ардагер-геологтарымыз Ботақан, Шығыс Мақат, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Досмұхамбетов, Ақінген, Аққұдық, Ақтөбе, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Уаз, т.б. басқа көптеген кен орындарын ашқанын білеміз. Сол ардақты геологтардың бүгінгі ұрпағы геология саласының әлеуетін арттыру жұмысын жалғастырып келеді, - деп атап өткен ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ геологтарды төл мерекемен құттықтап, ембілік геологтардың атқарып жатқан жұмыстарына тоқталды.

Айта кетсек, кезінде әскери полигон болып, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу үшін жабылып қалған Ембі-5 учаскесінде қазіргі таңда алғаш рет барлау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Қазақстанда тұңғыш рет аумағы 5600 кв шақырымды құрайтын Тайсойған алаңында 3Д МОГТ кең көлемді сейсморбарлау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар мереке қарсаңында бір топ сала қызметкерлері ұлығыланып, Басқарма төрағасының қолынан

марапаттарға ие болды. KAZENERGY қауымдастығының грамотасымен «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №3 мұнай және газ өндіру цехының геологы Нұргүл ШАҚМАНОВА мен «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №4 мұнай және газ өндіру цехының геологы Дәршін ӘБУОВА марапатталды. ЕМГ геологиялық барлау жұмыстары департаментінің директоры Ернұр ТАСЕМЕНОВКЕ, бұрғылау және ұңғымаларды күрделі жөндеу департаментінің аға инженері Әділхан АМАНҒАЛИЕВҚА, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №2 «Терең-өзек» мұнай және газ өндіру цехының 1 категориялы

геологы Гүлшат ТҮЛКІБАЕВАҒА, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 мұнай және газ өндіру цехының геологы Тұрсынай САҒЫНҒАЛИЕВАҒА, «Доссормұнайгаз» МГӨБ геология және кен орындарын игеру бөлімінің бастығы Жасұлан ТУХФАТОВҚА және «Қайнармұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстары цехының геологы Мұрат МӘЖЕНОВКЕ «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы табыс етілді. Ал, геология және кен орындарын игеру департаменті жобалау және зерттеу жұмыстары бөлімінің 1 категориялы геологы Жайнагүл МАМБЕТОВА, маркшейдер қызметінің маркшей-

дері Орынбасар ТАСМАҒАМБЕТОВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорва кен орындарын игеру тобы өндірістік басқармасының геологы Қарашаш ӨМІРЗАҚОВА, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ геология және кен орындарын игеру жөніндегі бөлім бастығының орынбасары Нұрсұлу ОСПАНОВА, «Доссормұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстарын жүргізу цехының ұңғыларды зерттеу шебері Рая ТАБНАЕВА, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ геология және мұнай-газ кен орындарын игеру бөлімінің 2 санатты инженері Талғат ТУРСИЕВ Компанияның Алғыс хатын иеленді. **Е**



Серік Әбдиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысы: Алда кезегін күткен жұмыстар көп

Бүгінгі айдарымыздың қонағы «Доссормұнайгаз» МГӨБ басшысы Абдиев Серік Амангелдіұлы. Қарапайым мұнай өндіруші операторлығынан басқарма басшылығы лауазымына дейін сәтті көтеріле білген білікті маманмен сұхбатымызда табыс кілті туралы ой бөлістік.



1. Серік Амангелдіұлы, алдымен өзіңіз басқарып отырған «Доссормұнайгаз» МГӨБ өндірістік көрсеткіштері туралы толығырақ айтып өтсеңіз.

- Бүгінде «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты 14 кен орны бар. Қазіргі уақытта 7 кен орнында: Байчунас, Қарсақ, Қошқар, Алтыкөл, Ботахан, Солтүстік Жолдыбай, Шығыс Мақат кеніштерінде мұнай өндірілуде. Аталмыш кеніштерде 3178 ұңғы бұрғыланса, оның 438-і игеру ұңғысы, 120-і су айдау ұңғысы, су өндіру 7 ұңғы және 50 бақылау ұңғысы бар. Жылдың қорытындысы бойынша 2018 жылы жоспарланған мұнай өндіру мен тапсыру, сонымен қатар геолого – техникалық шаралар толықтай орындалды. 2019 жылдың I тоқсанында мұнай өндіру жоспары орындалып, қосымша 181 тонна өнім алуға қол жеткіздік.

2. Сіз жетекшілік ететін басқарманың ғасырдан астам бай тарихы бар десек, кен алаңдарының көпшілігі өнім өндірудің жоғары саатысында. Бұл жайт өз кезегінде өндірістік көрсеткішке кері әсер ететіні де белгілі. Проблеманы қалай шешіп отырсыздар?

- Иа, басқарманың тарихы бай. Доссордағы №3 игеру ұңғысынан 1911 жылы алғашқы мұнай бұрқағы атқылап, қазақ жерінде өнеркәсіптік игерудің бастамасы болса бүгінде қара алтынның игерілгеніне 118 жыл толып отыр. Шынын айту керек, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кен орындары өнім игерудің соңғы сатысында. Сулану деңгейі жоғары, орташа 90% құрайды. Өнім өндіру мен тапсыру жоспарына айтарлықтай кері әсері бары рас. Біз бұл орайда жаңа әдістерді қолдануға мән беріп отырмыз. Ұңғыларға жерасты күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оның ішінде суланған аралықтарды шегендеу, пайдалану құбырының ақауларын бітеу, төменгі және жоғарғы қабаттарға көшу, қосым-

ша арттыру, сонымен қатар бұрғылау жұмыстары кең жүргізілуде. Жыл басында Шығыс Мақат кен орнына 2 игеру ұңғысына қабатты гидравликалық қысыммен жару арқылы қосымша тәулігіне 28 тонна мұнай алуға мүмкіндік орнаттық. Алға қарайда осы жұмыстарды жалғастыру арқылы, жоспарды тұрақты орындауға қол жеткіземіз деп отырмыз. Бұдан өзге, өндіріске жаңа жобаларды енгізуді де қарастырамыз.

3. Жаңа жобалардың тиімділігіне тоқталып өтіңізші.

- Қазақстанда үлкен жобалар жүзеге асуда, солардың бірі «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы «Ембімұнайгаз» АҚ-да алғашқылардың бірі болып қолға алынды. Нәтижеміз жақсы. «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Шығыс Мақат кен орнында «Интеллектуалды кен орны» жобасы басталды. Интеллектуалды кен орнынан алға қарай тиімділігін іске асыру күтілуде, оның ішінде кен орнындағы шығындарды оңтайландыру, ұңғымаларды жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығындарды азайту, электр энергиясын үнемдеу, ұңғылардың жөндеу аралық мерзімін ұзарту басты назарда. Бұл аталған жұмыстардың барлығы ғасырдан астам уақыт игеріліп келе жатқан «Доссормұнайгаз» басқармасы үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашады деген сенімдеміз.

4. «Ембімұнайгаз» АҚ-да жолға қойылған жақсы шараның бірі- «Үздік маман» шеберлік сайысының тұрақты ұйымдастырылуы. Доссорлық мұнайшылар үш жыл қатарынан «Үздік маман» шеберлік байқауынан командалық есепте Бас жүлдені иеленіп келеді. Жетістіктің сырымен бөліссеңіз.

- Иа, Компания өз жұмысшыларының біліктілігін арттыруды үнемі назарда ұстап келеді. Осы мақсатта шеберлік, біліктілікті нығайту үшін әртүрлі шара-

лар жүзеге асуда. Соның бірі- «Үздік маман» сайысы.

Басқарма мұнайшылары арасынан кәсібин шебер меңгерген үздік маманды таңдау – біз үшін маңызды. «Үздік маман» шеберлік байқауына қатынасушылар теория мен практиканы шебер ұштастыруда барлық талаптарға сай болуды көздейді. Сол үшін үнемі ізденістерде болады. Жыл сайын ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында өтетін «Үздік маман» байқауы мұнайшы мамандардың кәсіби біліктіліктерін арттыруға септігін тигізетін әрі 5 мыңнан астам қызметкері бар үлкен ұжымның бірлігін, ынтымағын дамыту жолындағы игілікті шара. Сол себепті, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы тарапынан үлкен көңіл бөлінуде. Ал, егер біздің басқарма осымен 3 жыл қатарынан алдыңғы орыннан табылса, ол әрбір сайыскердің шараға үлкен мән беріп, аталмыш сайысқа ерекше дайындықпен келетіндіктерінің көрінісі.

5. Сіз Ембідегі қызметіңізді қарапайым жұмысшыдан бастадыңыз. Мұнай дайындау операторынан басқарма бастығына дейін лауазым баспалдағымен сәтті көтерілдіңіз.

- Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласындағы Жаңаөзен мұнай техникумын 1996 жылы бітіріп «Мұнайды және газды өңдеу» мамандығын алып шықтым. Бұдан кейін Алматы қаласындағы Қаныш Сатпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін тәмамдап, «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығын алдым. Еңбек жолымды «Қайнармұнайгаз» мұнай – газ өндіру басқармасына қарасты Кенбай кен орнына мұнай дайындау операторлығынан бастадым. Өндірісте еңбек ете жүріп, біраз қызметтерді атқардым. Цех шебері, өндірістік техникалық бөлімнің жетекшісі, Компанияның мұнай және газ өндіру департаментінде, Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінде, Еңбекті қорғау

және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімдерінде қызмет атқардым.

2014 жылы Компания басшылығы маған үлкен сенім артып, өзім еңбек жолымды бастаған «Қайнармұнайгаз» басқармасының басшысы етіп тағайындады. Әр сатының дамуы, өркендеу қарқыны, қызығы мен қиыны қатар кездеседі. Мұнайшы мамандығы оңай жұмыс емес. Өндіріс көрсеткішіне тікелей әсер ететін әр ұңғының өнім беру деңгейін, оның ақауы мен тетігін табу – маманның әр кез ізденуін, білімін тереңдетуін талап етеді. Ұжым басқару оңай емес, ол үлкен мектепті керек ететін үлкен жауапкершілігі мол міндет. Қол астындағы маманнан талап ету үшін алдымен өзің сол биіктіктен табылуың міндет. Мен үнемі осы талапқа сай болуға тырысамын

6. Сіз Компания тарапынан Италия елінде білім жетілдіріп келдіңіз. Үйренген жаңалықты Ембі өндірісіне қалай енгізіп жатырсыз?

- Сөзімнің басында айтып өттім, біздің Компания басшылығы мамандарды қайта даярлауды жіті назарда ұстап келеді. Бұл орайда арнайы бағдарламаға сай мамандар алыс-жақын шет мемлекеттерде арнайы оқу курстарынан өтуде.

Мен Италия еліндегі осындай орталықтың бірінде білімімді жетілдіріп қайттым. Оқу орталығында негізінен еңбек тәжірибесі бар жастарды мұнай саласына қатысты, оның ішінде түрлі мамандармен жұмыс жасау, ұйымдастыру, басқару, қаржы және экономика салаларын батыс тәсілімен оқытуға көңіл бөлінген. Оқу барысында практикаға көбірек көңіл бөлінді.

7. «Доссормұнайгаз» МГӨБ-не жаңадан басшы болып қызметке араласып жатырсыз. Қандай өзгерістер күтуге болады?

Әрбір басшының басты мақсаты - жұмысшылардың өмірі, олардың қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етуіне жағдай жасау, мұнайшылардың отбасына аман - есен оралуын назарда ұстау. Әрине, мұнай өндіру мен тапсыру жоспарларын тұрақты орындау жолындағы тың әдістерді өндіріске ұдайы енгізу негізгі мақсатымыздың бірінен саналады. «Доссормұнайгаз» мұнай – газ өндіру басқармасында осы жолда жақсы жұмыс жолға қойылған, мен сол игі үрдісті тоқтатпай тиімді нәтижесін табуы жолында қызметімді жалғастырамын.

Доссор өңірі-киелі мекен, қазақ мұнайының бастауында тұрған, ғасырдан астам тарихы бар «қара шаңырақ». Біз байырғы кеніштің болашағын түлету жолында еңбек етудеміз. Осы мақсатта Ботахан, Шығыс Мақат кен орындарында жер асты қорларын кері есептеу жүргізіліп, 2019-2020 жылдары геологиялық және алынатын қорларды көбейту жолында үлкен шаралар қолға алынып жатыр. Доссорлық мұнайшыларды алды үлкен жұмыстар күтіп тұр. Біз ауқымды жұмыстарды ұжым болып бірлесе отырып атқарып, биік көрсеткіштерге қол жеткіземіз деген сенімдемін.

- Сұхбатыңызға рахмет. **Е**



Ресейлік кәсіпкерлер Ембіде болды

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның (бұдан былай ЕМГ немесе Компания) Бас кеңсесінде Компанияның жауапты мамандары мен басшылары Ресей Федерациясы Қорған облысының делегациясымен кездесті.

Ресейлік кәсіпкерлер делегациясын Қорған облысы губернаторының орынбасары, РФ Үкіметінің жанындағы Қорған облысы Өкілдігінің жетекшісі Андрей Алексеев бастап келді. Ресейлік бизнес өкілдерімен кездесуге Компанияның сатып алу және жергілікті қамту, материалдық-техникалық қамту, транспорт пен механика салалары бойынша жауапты мамандары қатысты.

Ресейлік делегация құрамына «қош келдіңіздер» айтқан ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Айболат Габдуллин өз сөзінде ғасырлық тарихы бар Ембі өңірінің тыныс-тіршілігіне кеңінен тоқталды.

Ресейлік делегация құрамы жиналысқа қатысушыларға Қорған облысы, жалпы, оның экономикасы, өзге өңірлермен жолға қойылған әріптестік байланыстары туралы дайындалған бейнероликті көрсете отырып, қорғандық кәсіпорындар туралы толығырақ баяндады.

Қорған облысы губернаторының орынбасары Андрей Алексеев өз сөзінде Қорған өңірінің көрші мемлекет - Қа-

зақстанмен экономикалық байланысты жолға қойып отырғандығын баса айтып, Шығыс Қазақстан, Қызылорда облыстары мен Алматы, Астана қалаларымен әріптестік байланыстың орнағандығын алға тартты. Бүгінгі таңда қорғандық бизнес өкілдері Қазақстанның батыс өңірлерімен тығыз әріптестік байланыс орнатуға назар аударып отырғандықтарына ерекше тоқталды. Олар бұл орайдағы өздерінің сауалдарын да ортаға салды.

Компанияның коммерциялық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Едіге Чакликов ресейлік бизнес өкілдерін қазақстандық компаниялардағы тендерлердің ұйымдастырылу жөйімен,

электрондық сатып алу ережелерімен толығырақ таныстырып өтті. Онда «Самұрық-Қазына» ӨАҚ бүгінгі таңда тендерлерді электрондық жүйемен өткізуге толықтай көшіп отырғандығы, сатып алу Ережелері zakur.sk.kz сайтында, ал, Компанияның сатып алу жоспары және тендерге қатысты барлық ақпараттар zakur.emba.kz сайтында жарияланатыны баяндалды. Сатып алу Ережесінде қазақстандық мазмұнға басымдылық берілетіндігі де назарға берілді. 2018 жылы 89,9 млрд. теңге сатып алу көлемінде жергілікті қамту тауарда - 42 пайызды, жұмыста-94 пайызды, қызметте-94 пайызды құраған. **Е**



«Мен-Ембілікпін» шығармашылық байқауының Бас жүлдесі

Қасиетті кеніш

Аталардан қалған ғажап әр ізді,
Жалғастыру ұлы мақсат тәрзіді.
Қарашүңгіл – қасиетті кенішім,
Сенің тойың біздер үшін маңызды.

Тік көтеріп тәуелсіздік жалауын,
Халқым менің тапты таңдау-қалауын.
Қарашүңгіл - қасиетті мекенім,
Жүз жиырма жыл сөндірмеген алауын.

Еміреніп күтті тойды ел көптен,
Алтын шуақ таралып тұр жер-көкпен.
Қарашүңгіл – қасиетті дала бұл,
Жүз жиырма жыл мұнай-газын селдеткен.

Еңбекпенен өсіп ауыл-аймағы,
Еркін елдің желбіреді байрағы.
Қарашүңгіл – ата-баба мекені,
Қара алтынның сарқылмайтын қайнары.

Ғаламаты сен деп білем ғасырдың,
Түледің сен қолыменен хас ұлдың!
Ырыс-құтпен туған жерге сән беріп,
Жүз жиырма жыл елдің даңқын асырдың.

Қарт Ембіде орның бөлек өзгеден,
Өзің жайлы ән-жыр айтам, сөз терем!
Жанартаудай атқылайсың сен талай,
Ал, мен болсам жаңғырамын, өзгерем!

Ата-баба тәлімінен нәр алдық,
Сол тәлімнен даңғыл жолды таба
алдық!

Қарашүңгіл! Тұңғыш бұрқақ атты одан,
Келешекке келер ұрпақ барар нық.

Мінсіз жұмыс, шеберлік бар жастарда,
Құлаш ұрам қаймықтастан асқарға.
Қарашүңгіл! Сен сыйлаған серпінмен,
Жалын жастар сенімменен басты алға!

Жүз жиырма жыл!
Өтсін мейлі мың ғасыр,
Өзің жайлы қосылады жырға жыр!

Әлі талай той болады төсінде,
Ұсынамыз ұлға – орден, қызға – гүл!

Айбындымын,
Ажарлымын, азатпын!
Дүйім елді күтеді алдан ғажап күн.
Еселейсің жерастының байлығын,
Мен – ембілік қайсар жанмын,
қазақпын!

Жайнагүл Әбішқалиқызы,
«Ембімұнайэнерго»
басқармасының «Құлсары»
АЭТ электро монтері

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-253

A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Қайрат ӨДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры; Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана: «Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3, Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі